

## Аршалы ауданы әкімінің күші жойылған шешімін тану туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімінің 2016 жылғы 3 қазандағы № 14 шешімі

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторинг өткізу ережелеріне, Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № А-11/556 қаулысына және Ақмола облысының әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда № 3976 тіркелген, Ақмола облыстық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 5С-20-10 "Ақмола облысындағы әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгерістер туралы" шешіміне сәйкес, Аршалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысы Әділет департаментінде 2014 жылы 07.04. 4070 нөмірмен тіркелген, Аршалы ауданы әкімінің 2014 жылғы 13 наурыздағы № 04 "Сайлау учаскелерін құру туралы" шешімінің күші жойылған деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аршалы ауданының әкімі аппараты басшысы Ә.Қ.Балташевқа жүктелсін.

*Аршалы ауданының  
әкімі*

*А.Тайжанов*